

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ЕРЕЖЕ

30 сәуір 2025

дата

Алматы қ.

ПРАВИЛА

№ Р-03-25

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ



Ғылыми кеңестің шешімімен

Бекітемін

Төраға  Г. Тасбергенова

2025 жылғы «30» сәуір № 10 хаттама

**ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРАТЫН
«ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ»
РММ-НЕ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

Дайындады:			
Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы		А. Иманбаев	<u>30.04.25</u>
Келісілді:			
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	<u>30 -</u>	Г. Әбдірахман	<u>30.04.25</u>
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.у.а		А. Нусупова	<u>30.04.25</u>
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Н. Кулданов	<u>30.04.25</u>
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		А. Сарымсакова	<u>30.04.25</u>
Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы		А. Мазбаева	<u>30.04.25</u>
Заң секторының басшысы		Д. Мамедова	<u>30.04.25</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
4. КОНСЕРВАТОРИЯҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	4
5. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	6
6. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	7
7. АППЕЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	9
8. КОНСЕРВАТОРИЯҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ	10
9. ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ ҮШІН ОҚУҒА ТҮСЕТІН ТҰЛҒАЛАРДЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ	12
10. ӘНГІМЕЛЕСУ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	13
ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ.....	15

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	2 бет 15 тен

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына (бұдан әрі – Консерватория) оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі – ережелер) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын қазақстандық білім беру ұйымдарына қабылдау ережелеріне сәйкес:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі-үлгілік қағидалар) (03.05.2024 жылы жаңартылған);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары (бұдан әрі-қағидалар, 204) (28.02.2024 жылы жаңартылған);

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023.07.26 № 357 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квоталарының мөлшерлері);

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 Бұйрығымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидалары (бұдан әрі – беру қағидалары).

2. Консерватория «Өнер» бағыты бойынша жоғары білімнің (бакалавриаттың) білім беру бағдарламаларына қабылдауды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі бөлген республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырады.

3. Осы ереже 2025-2026 оқу жылына бакалавриат талапкерлерін қабылдау рәсімін дайындау және жүзеге асыру кезінде сақталуы міндетті.

4. Оқуға қабылдау ережелері «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ құжаттамасының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

5. Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер бар:

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	3 бет 15 тен

– «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

– «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

6. Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

- ҚР – Қазақстан Республикасы;
- Құрманғазы атындағы ҚҰК – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы;
- ҚР МЖАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;
- ҚР БЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
- ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тестілеу;
- ПОҚ – Профессор оқытушылар құрамы.

4. КОНСЕРВАТОРИЯҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

7. Консерваторияға оқуға қабылдауды Құрманғазы атындағы ҚҰК ректоры басқаратын Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Қабылдау комиссиясының құрамына проректорлар, декандар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, консерваторияның профессор-оқытушылар құрамының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссия мүшелерінің сандық құрамы тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясына жедел басшылықты қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы жүзеге асырады, жұмысын ұйымдастырады және бақылайды, іс қағаздарын жүргізеді. Қабылдау комиссиясы төрағасының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

8. Консерваторияның бакалавриат білім беру бағдарламасына республикалық мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатын, музыкалық колледжін, өнер колледжін, педагогикалық колледж бітірген, Ж.Аубакирова авторлық мектебінің түлектері, жоғары (кәсіби жоғары) музыкалық білімі бар, сонымен қатар Консерваторияның дайындық бөлімін табысты аяқтаған тұлға

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	4 бет 15 тен

қабылданады. «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасына да жалпы білім беру мектебімен қосымша бес немесе жеті жылдық музыкалық білімі бар, өнер колледжін, педагогикалық колледжді бітірген тұлғалар қабылданады.

9. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші Ұлттық бірыңғай тестілеуден (бұдан әрі – ҰБТ) өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға және (немесе) ұлттық ЖОО-на ақылы оқуға ниет білдірген орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері ҰБТ және шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша – кемінде 65 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша кемінде 5 балл, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 3 балл және әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алуы қажет.

10. ҰБТ нәтижесі бойынша осы Үлгілік қағидалардың 9-тармағында белгіленген шекті балды алмаған тұлғалар ЖОО-ға 1 (бірінші) академиялық оқу жылы аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде шартты түрде қабылданады. ЖОО-да білім алудың 1 (бірінші) академиялық оқу жылы аяқталғаннан кейін бұл тұлғалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізу қағидаларында (бұдан әрі – №204 бұйрық) белгіленген мерзімде ҰБТ-ді қайта тапсырады. 1 (бірінші) академиялық оқы жылы аяқталғаннан кейін тапсырған ҰБТ нәтижесі бойынша осы Үлгілік қағидалардың 9-тармағында белгіленген шекті балды алмаған тұлғалар ЖОО-дан шығарылады.

11. Консерваторияға оқуға түсу кезінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

12. Консерваторияға түсушілерді қабылдау «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
5 бет 15 тен	

5. ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

13. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде білім беру саласы бойынша арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан тапсырушы тұлғалар қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

- ЖОО басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
- жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатын (түпнұсқа), қосымша бес немесе жеті жылдық музыкалық білімі бар жалпы білім беретін мектепті бітіргені туралы аттестат («Арт-менеджмент») (түпнұсқа);
- 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;
- жеке басын куәландыратын құжаттың 2 көшірмесі (түпнұсқа жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- форма № 075–У медициналық анықтамасы (флюорография суреті), форма 063 және көшірмесі (егу паспорты).
- ҰБТ сертификатын;
- тіркеу куәлігі немесе әскери билет (ұлдар үшін міндетті);
- білім беру грантын беру туралы куәлік (бар болған жағдайда);
- жеңілдіктерді растайтын құжаттар: соңғы үш жылдағы лауреат дипломы – 2023, 2024, 2025 жж. (түпнұсқа және көшірме), ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандарға: ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік және т. б., талапкердің мүгедектігі туралы анықтама;
- тезтікпе, 6 файл, конверт (фотосуреттер үшін).

14. Талапкерлерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау: Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 01-22 шілдесі аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан: күнтізбелік жылдың 25 шілдесінен 05 тамызына дейін өткізіледі. 12-19 тамыз аралығында шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштерді қабылдау (ақылы оқу негізінде), 20-23 тамыз аралығында шығармашылық емтихандарды тапсыру.

15. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

16. Консерваторияның қабылдау комиссиясына түпнұсқасын және Платонус ААЖ арқылы құжаттарды тапсыру кезінде келесі құжаттар электронды форматта ұсынылады (құжаттарды сканерлеу кезінде барлық әріптер, қолдар мен мөрлер анық көрінуі тиіс):

- 3x4 өлшемді цифрлық фото (селфи және шығармашылық фотосуреттерге жол берілмейді);

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		6 бет 15 тен

- жеке басын куәландыратын құжат (екі жағынан сканерленген құжат);
- форма № 075–У медициналық анықтамасы (флюорография суреті), форма 063 (егу паспорты).
- жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білім туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);
- ҰБТ сертификаты;
- тіркеу куәлігі немесе әскери билет (ұлдар үшін міндетті);
- жеңілдіктерді растайтын құжаттар: соңғы үш жылдағы лауреат дипломы
- 2023, 2024, 2025 жж. (түпнұсқа және көшірме), ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандарға: ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік және т. б., талапкердің мүгедектігі туралы анықтама;
- білім беру грантын беру туралы куәлік (бар болған жағдайда).

17. Платонус ААЖ арқылы талапкердің электрондық өтінішін тіркегеннен кейін қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы 24 сағат ішінде талапкерді білім беру бағдарламалары бойынша WhatsApp чатына қосады.

6. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

18. «Өнер» бағыты бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға қабылдау шығармашылық немесе арнайы емтихандардың нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

19. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Консерваторияның ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады. Комиссия құрамына Консерватория өкілдерінен проректорлар, декандар, кафедра меңгерушілері, профессор-оқытушылар құрамы, Қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарынан кіреді. «Өнер» даярлау бағыты бойынша шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті органның өкілдері кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

20. Шығармашылық емтихандарды өткізу білім бағдарламалары топтары бойынша шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады:

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	7 бет 15 тен

**Шығармашылық емтихан өткізілетін
білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі**

Білім беру бағдарламалар тобының нөмірі		Білім беру бағдарламалары топтарының атауы/ Білім беру бағдарламаларының атауы	1-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары				
1.	B022	Музыкатану	Музыкалық әдебиеттен ауызша емтихан. Музыкалық тақырыптарды орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан; сольфеджио бойынша диктант
2.	B023	Режиссура, арт-менеджмент	Жазбаша жұмыс эссе / реферат немесе Арт-жобаның презентациясы	Коллоквиум
3.	B025	Дирижерлеу	Дирижерлеу және коллоквиум	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант.
4.	B026	Композиция	Өз шығармаларын ұсыну және коллоквиум.	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5.	B099	Аспаптық орындаушылық	Жеке (соло) бағдарлама орындау	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
6.	B100	Вокалдық өнер	Жеке (соло) бағдарлама орындау	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
7.	B101	Дәстүрлі музыка өнері	Жеке (соло) бағдарлама орындау	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
8 бет 15 тен	

21. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар өздері таңдаған ЖОО-да шығармашылық емтиханды тапсырады.

22. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

23. Шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын Консерватория әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

24. Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

25. Оқуға түсуші шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі. Бұл ретте шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

26. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

27. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

28. Шығармашылық емтихандардың қорытынды бағалары Консерваторияның веб-сайтында емтихан болатын күні сағат 22.00-ге дейін орналастырылады.

29. Күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

7. АППЕЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

30. Емтихандар өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Консерватория басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен құрамы төрағасын қоса алғанда, мүшелерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		9 бет 15 тен

31. Апелляциялық комиссия әрбір білім беру бағдарламасына немесе құрамына консерваторияның оқытушы-профессорлық құрамы қатарынан әрбір білім беру бағдарламасының өкілі кіретін бірнеше ұқсас Білім беру бағдарламаларына бір комиссия құрылады.

32. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі тапсырады, ол шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

33. Келіп түскен өтініштермен жұмыс істеу үшін апелляциялық комиссия талапкерлердің сөйлеген сөздерінің бейне / аудиожазбасын, талқылау үдерісінің хаттамасын, бейнежазбасын және объективті шешім шығару үшін қажетті басқа да құжаттарды талап етуге құқылы.

34. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

35. Апелляцияны қарау қорытындысы бойынша комиссия апелляцияға берген талапкерді қабылданған шешім туралы келесі күні 18-00-ден кешіктірмей хабардар етеді.

8. КОНСЕРВАТОРИЯҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

36. Студенттер қатарына қабылдауды ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы 10 – 25 тамыз аралығында өткізеді.

37. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

38. Білім беру грантын алуға арналған конкурс өткізілген кезде, сондай-ақ жоғары білім кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау кезінде балдар тең болған жағдайда басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:

- «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;
- патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған адамдардың;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
10 бет 15 тен	

құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;

– тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

– жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдар.

– Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі.

– Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балдары ескеріледі.

39. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

40. Ақылы білім алуға ҰБТ мен шығармашылық емтихан нәтижесі 65 балдан кем емес, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша кемінде 5 балл, оқу сауаттылығы (оқытылатын тілде) бойынша 3-тен кем емес балл жинаған талапкер қабылданады.

41. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру гранты иегерлері, сондай-ақ оқуға ақы төлеуі азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен жүзеге асырылған талапкерлер тиісті білім бағдарламалары топтарынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
11 бет 15 тен	

42. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін:

- еңбек кітапшасын (түпнұсқа салыстыру үшін көрсетіледі);
- жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
- қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағалық анықтаманы;
- аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартын;
- еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;
- жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.

43. Республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған адамдар консерваторияға қабылдау туралы өтініш береді және ректордың немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

44. ЕНТ нәтижелері бойынша 9-тармақта белгіленген шектік баллды жинаған тұлғалар консерваторияның бірінші жетекшісіне немесе оның міндетін атқарушы адамға мемлекеттік білім беру қызметін алу мақсатында жоғары оқу орнына ақылы негізде қабылдану үшін өтініш береді. Өтінішке ЕНТ сертификаты, уәкілетті тұлғамен қол қойылған және мөрмен расталған емтихан бланкасының көшірмесі қосылады. 13, 16 және 42 тармақтарда көрсетілген құжаттардың толық тізімі ұсынылмаған жағдайда, абитуриент ұсынған құжаттарда (немесе олардағы мәліметтерде) жалғандық анықталған жағдайда, сондай-ақ құжаттар белгіленген мерзімдерден кейін ұсынылған жағдайда, қабылдау комиссиясы құжаттарды қабылдамайды.

45. ЖОО-ға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары (мамандандыру) мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

46. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде консерваторияның студенттері қатарына қабылданады. Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 бет 15 тен

47. Қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға консерваторияға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

48. Аталған Ереже тәртібіне енбейтін мәселелерді қабылдау комиссиясы дербес шешеді.

9. ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ ҮШІН ОҚУҒА ТҮСЕТІН ТҮЛҒАЛАРДЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

49. Шетел азаматтарын ақылы негізде Консерваторияға оқуға қабылдау консерваторияның қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады. Білім беру гранты негізінде және ақылы негізде шетел азаматтарын қабылдау білім туралы Заңның 9-1-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Қазақстан Республикасының азаматы емес, шетелде оқу орындарын бітірген қазақ ұлтының азаматтары республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен білім грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ҰБТ тапсырады (ҰБТ тест тапсырмаларының саны оқу тілі бойынша оқу сауаттылығынан 10 тапсырмадан тұрады) және екі шығармашылық емтихан тапсырады.

51. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

52. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

53. Консерваторияға «Өнер» бағыты бойынша жоғары білімі бар адамдарды, «Өнер» бағытының басқа білім беру бағдарламасына ақылы негізде қабылдауды консерваторияның қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихан және әңгімелесу түрінде жүзеге асырады.

54. Ақылы негізде оқу кезеңін және екінші жоғары білімді меңгеру үшін қажетті академиялық кредиттер санын деканаттар айырманы айқындау жолымен айқындайды.

10. ӘҢГІМЕЛЕСУ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

55. Шетелдік азаматтар мен екінші жоғары білім алу үшін оқуға түсетін тұлғаларды ақылы негізде қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

56. Әңгімелесу талапкердің кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру қабілетін анықтау мақсатында өткізіледі.

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
13 бет 15 тен	

57. Әңгімелесу өткізу үшін факультет декандары, бітіруші кафедралардың емтихан комиссияларының мүшелері тартылады. Емтихан комиссиясының құрамын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

58. Әңгімелесу барысы мен нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

59. Әңгімелесу нәтижелері 100 балдық жүйе бойынша бағаланады. Оту балы 50 және одан жоғары. Әңгімелесуді бағалау әңгімелесу хаттамасында, жауап парағында қойылады және емтихан алушылардың қолымен расталады.

60. Әңгімелесу хаттамасы оққға түскен талапкердің жеке ісінде сақталады. Оқуға түспеген абитуриенттің әңгімелесу хаттамасын сақтау мерзімі бір жылды құрайды, одан кейін жойылады.

61. Әңгімелесу нәтижелері емтихан аяқталғаннан кейін жарияланады.

62. Әңгімелесу өткізу кестесін қабылдау комиссиясы жасайды және оны қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

63. Талапкерлерді әңгімелесу өткізілетін аудиторияға жіберу паспорттың немесе жеке басын куәландыратын құжаттың және техникалық хатшы берген құжаттарды алғаны туралы қолхаттың негізінде жүргізіледі.

64. Әңгімелесу өткізу кезінде талапкер жауап парағын толтырады. Жауап парақтары бірнеше парақтан тұруы мүмкін.

65. Әңгімелесу кезінде талапкерлерге рұқсат етілмейді:

– қандай да бір анықтамалық материалдарды (оқулықтар, оқу құралдары, анықтамалықтар) пайдалану;

– жедел байланыс құралдарын пайдалану.















– Әңгімелесу алдында талапкерлер әңгімелесу өткізу қағидаларымен таныстырады. Тәртіп ережелерін бұзғаны үшін талапкер әңгімелесуден шығарылады, ол туралы акт жасалады.

66. Әңгімелесу кезінде түрлі бейінді сұрақтар пайдаланылуы мүмкін.

67. Әңгімелесу аяқталғаннан кейін әңгімелесу хаттамасы мен жауап парақтары қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
14 бет 15 тен	

ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ

№ р/с	Құжатпен танысқан тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5
1.	Мұсағұлова Гүлмира Жақсыбекқызы	Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер факультетінің деканы		30.04.25
2.	Бекенова Айжан Слэмқызы	Аспаптық орындаушылық факультетінің деканы		30.04.25
3.	Бұлтбаева Айзада Зейкенқызы	Вокал және дирижерлеу факультетінің деканы		30.04.25
4.	Ғабдрахимова Ғазиза Ғабдрахимқызы	Халық музыкасы факультетінің деканы		30.04.25
5.	Қойлыбаева Марлена Тастемірқызы	Музыкатану және композиция кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
6.	Кешубаева Динара Ермекқызы	Арт-менеджмент кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
7.	Гавриленко Ирина Анатольевна	Арнайы фортепиано кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
8.	Халилова Корлан Маратқызы	Ішекті аспаптар кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
9.	Ерманов Жанат Рахметулинович	Үрмелі және ұрмалы аспаптар кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
10.	Берекешев Ғалымжан Карибжанұлы	Дирижерлеу кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
11.	Бекназарова Танагүл Кәйкенқызы	Вокалдық өнер кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
12.	Жұмағалиева Алтынай Мұхамбетқызы	Домбыра кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
13.	Қарсақбаева Айгерім Әлімжанқызы	Қобыз және баян кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
14.	Қаржаубаева Венера Қуанышқызы	Халық әні кафедрасының меңгерушісі		30.04.25
15.	Измуратова Зәмзәгүл Шәріпқызы	Көне музыкалық аспаптар кафедрасының меңгерушісі		30.04.25

Ереже	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не 2025-2026 оқу жылына арналған оқуға қабылдау ережесі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	
15 бет 15 тен	